Әділет

## Қорғаныс мұқтажы үшін жер учаскелерін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 мамырдағы № 548 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 13, 120-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарының жерінен жалпы алаңы 1,0431 гектар жер учаскелері қорғаныс мұқтажы үшін тұрақты жер пайдалану құқығында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік мекемелеріне берілсін.

2. Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдері және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер - Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 20 мамырдағы
№ 548 қаулысына
қосымша

## Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік мекемелеріне тұрақты жер пайдалану құқығында берілетін жер учаскелерінің экспликациясы

| р/с № | Жер пайдаланушының атауы | Жалпы алаңы, гектар | Жер учаскесінің мақсатты тағайындалуы | Жер учаскесінің орналасқан жері |
|---|---|---|---|---|
| 1. | «Ақмола облысы Степногорск қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі | 0,0855 | әкімшілік ғимаратқа қызмет көрсету үшін | Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 1-шағын ауданы, № 22 ғимарат |
| 2. | «Ақмола облысы Зеренді ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі | 0,266 | әкімшілік ғимаратқа қызмет көрсету үшін | Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Зеренді ауылы, Мир көшесі № 6 |
| 3 | «Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі | 0,22 | әкімшілік ғимаратқа қызмет көрсету үшін | Ақмола облысы, Еңбекшілдер ауданы, Степняк қаласы, Кенесары көшесі № 26 |
| 4. | «Лениогор қалалық әскери комиссариаты» мемлекеттік мекемесі | 0,4716 | әкімшілік ғимаратты орналастыру үшін | Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қаласы, Мұхтар Әуезов көшесі № 3 |
| | | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Жиыны: | 1,0431 | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК